

## 1992 жылы туған азаматтарды Қарағанды облысы Балқаш қаласы біріктірілген қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру теліміне тіркеуді жүргізу туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы N 2 шешімі. Қарағанды облысы Балқаш қаласы әділет басқармасында 2009 жылғы 26 қаңтарда N 8-4-130 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы N 371 "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" қаулысын басшылыққа ала отырып, қала әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Балқаш қаласы біріктірілген қорғаныс істері жөніндегі бөлімі (Бекмағамбетов Б.Ә . келісім бойынша) 1992 жылы туған азаматтарды, сондай-ақ бұрын Балқаш қаласы біріктірілген қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру теліміне тіркелмеген жастары үлкен азаматтарды тіркеу 2009 жылғы қаңтар-наурыз аралығында жүргізілсін.

2. Мекеме, кәсіпорын, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылықтары, білім беру мекемелерінің басшылары, тұрғын үйлерді пайдаланатын үй иелері, ұйымдардың кадр бөлімдері, меншік нысанына және ведомстволық бағынушылығына қарамай, 1992 жылы туған жастардың тізімдерін Қарағанды облысы Приозерск қаласы білім беру бөліміне берсін.

3. Мекеме, кәсіпорын мен ұйымдардың басшылары, мектептер мен басқа қоғамдық салалардың директорлары әскерге дейінгі жастарды медициналық тексеруден өту үшін және құжаттарды жинау үшін, шақыру қағаздарын алысымен жұмыстарынан, сабақтарынан босату ұсынылсын.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары М.А. Жұмақановқа жүктелсін.

5. Осы шешімі ресми жарияланған күннен бастап заңды күшіне енеді.

Қала әкімі

Н. Бікіров

"КЕЛІСІЛДІ"

Балқаш қаласы біріктірілген қорғаныс

істері жөніндегі бөлімінің бастығы

подполковник

\_\_\_\_\_ Б.Ә. Бекмағамбетов

2009 ж. 21 қаңтар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК